



«АҒЫЛШЫНДЫҚ САЛҚЫН АҚЫЛ»

Британияның Орталық Азиядағы белсенділігі оянды

2



МӘМС-тің КЕРЕГІ БАР МА?

9



РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕН

Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына – 100 жыл

10

Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны жалғасып жатыр. Әлем таныған Алматының ажары оның тазалығына да байланысты екенін түсінген қалалықтар бұл науқанға белсене атсалысуда.

САНА ТАЗАРСА, ҚАЛА ДА ТАЗАРАДЫ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына шаһар тұрғындары белсене қатысуда

Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына орай эко-шара өтті

Республика көлемінде өтіп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясымен бірге қаламыздың «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты науқаны қатар өтуде. 20 сәуір күні Алатау ауданында Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына орай 300 түп алма ағашының көшеті отырғызылды.

Қала іргесіндегі ауқымды экоакцияға қала басшылығы мен Мәслихат депутаттары, «Генералдар кеңесі» мен «Офицерлер кеңесі» РҚБ өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белсенділер, сондай-ақ, БАҚ өкілдері мен еріктілер қатысты.

Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан Отғыншиев қаламызда республикалық және қалалық эко-акция аясында көптеген игі бастамалар қолға алынғанын жеткізді. «Өздеріңіз білесіздер, Президенттің тапсырмасымен су тасқыны болмаған өңірлерде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өтіп жатыр. Мына отырғызылып жатқан 300 түп алма ағашы Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов сынды батыр атамыздың 100 жылдық мерейтойына арналып отыр. Батыс және солтүстік өңірлер су тасқынымен күресіп жатыр. Осы тұста өзге аймақтарда осындай экологиялық акциялардың өтуі экологияны, қоршаған ортаны қорғау танымын қалыптастыруға жақсы ықпал етеді», – деді Мейіржан Батырбекұлы.

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛДЫ.



6-7

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №34 (6485) 23 сәуір, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ҚЫРҒЫЗ АҒАЙЫНҒА РИЯСЫЗ ҚҰРМЕТ

Бауырлас елдер байланысы өзара тиімді қарым-қатынастың алтын арқауы



Ежелден қазақ пен қырғыз қарт Алатаудың қос бетінде халқы аралас, малы қоралас өмір сүрген. Қырғызстан – еліміздің ең жақын әрі сенімді стратегиялық серіктесі. Бүгінде Қазақстан мен Қырғыз Республикасы байланысы барлық қиындықтарды артқа тастап, берік, жақын әрі сенімді серіктеске айналды. Елімізге келген бауырлас ел көшбасшысы Садыр Жапаровтың ресми сапары аясында Елордамызда еңселі Айкөл Манас ескерткіші ашылды.

Мемлекет басшысы мыңжылдық тарихы бар Манас жырын барша адамзат руханиятында өзіндік орны бар бірегей мұра ретінде атап өтіп, оны тек қырғыз халқының ғана емес, тұтас түркі жұртының баға жетпес қазынасы деуге болатынын айтты. Бұл, ең алдымен, қазақ халқының қырғыз ағайынға деген риясыз құрметінің белгісі. «Бас қаламызда бой көтерген осы сәулет туындысы түбі бір түркі жұртының бірлігін көрсетеді. Бұл – Манасқа ғана емес, қазақ пен қырғыздың мәңгілік бауырластығына қойылған ескерткіш. Мен екі елдің достығы ешқашан мызғымайды деп сенемін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

4

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

23.04.2024

Түнде:

+12+14 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+25+24 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

24.04.2024

Түнде:

+12+14 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+25+27 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

www.almaty-akshamy.kz





ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қала әкімі Медеу ауданында салынып жатқан мектептің құрылыс жұмысымен танысты

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесіп, аймақта атқарылып жатқан жұмыстар бойынша бірқатар нысандарды аралады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Айта кетейік, қазіргі таңда Құлжа трактінің оңтүстігінде, Медеу ауданындағы «Шығыс қақпасы» жаңа полиорталығының аумағында 2000 орынды мектеп салынып жатыр. Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында құрылыс алаңына арнайы барып, жүзеге асырылып жатқан жобаның қарқынды жайында ақпаратты тыңдады. Қала әкімі мектепке кіреберіс жолды және тұрақ кеңістігін жайластыру кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Амангелді Саттаровтың айтуынша, мектеп үш қабатты болады. Асхана төменгі қабатта, жертеде орналасады. Аумақта үлкен стадион қарастырылған. Жаңа жол қозғалысы ережесі бойынша жоспарланған тұрақ орнында жасыл аймақ жабдықталады. Ал автокөліктер үшін бөлек тұрақ болады. Нысанды ағымдағы жылдың соңына дейін тапсыру жоспарлануда.

Медеу ауданының «Думан», «Думан-2», «Атырау», «Кеңсай» және «Алатау» шағынаудандарында тұратын балалар жаңа мектепке бара алады. Бұл аталған шағынаудандарда орналасқан қолданыстағы үш – №98, 99 және 64 мектептердегі жүктемені айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Еске салсақ, Алматыда Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 36 800 оқушыға арналған 22 мектеп салынууда. Олар іске қосылған кезде, 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша оқушы орындарының тапшылығы басқарылатын деңгейге дейін 3-4 мың орынға дейін төмендейтін болады.

Биыл «Көктөбеде» денсаулық жолы ашылады

Өткен жылы алматылықтардың Көктөбеге қатысты өтініштерін ескере отырып, қала әкімінің тапсырмасы бойынша 2023 жылдың қазан айында жаяу жүргіншілерге арналған денсаулық жолының құрылысы басталған еді. Бұрын бұл жер жол бойымен жүретін жаяу жүргіншілердің қажеттілігін ескермей жобаланған еді. Сол себепті, тұрғындар жол бойымен жүруге мәжбүр болған. Денсаулық жолы пайдалануға берілген кезде бұл мәселе шешімін табады. Саябаққа апаратын жолдың ұзындығы 1,2 км құрайды.

«Меркур холдинг» ЖШС бас директоры Есенғали Байменов қала басшысына баяндағандай, қазіргі уақытта соқпақтың негізі аяқталды, асфальтталды және шекаралар орнатылды. Алдағы



уақытта кіру тобын, екі қарау алаңын, баспалдақ жолын құру, сондай-ақ орындықтар мен қоршауларды орнату жоспарланып отыр. Маршрут басталар алдында саябақ аймағы құрылады.

Ерболат Досаев мұнда келушілер мен туристер үшін іске асырылып жатқан жобаның маңыздылығын айтты. Әсіресе, қала тұрғындарының қауіпсіздігі барынша өзекті мәселе екенін атап өтті. Айта кетейік, бұл жоба жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылуда.

Жалпы, алдағы жылдары Алматыда қоғамдық кеңістіктердің қатары артады. Мәселен, Есентай, Үлкен Алматы өзендерінің бойындағы жағалауларға реконструкция жүргізіледі. Ағымдағы жылы жаяу жүргіншілерге бағдарланған ұзындығы 17 шақырым Райымбек даңғылын қайта ұйымдастыру жоспарлануда. Пушкин көшесі бойынша Гоголь көшесінен Райымбек батыр даңғылына дейінгі ұзындығы 1,1 шақырым жаяу жүргіншілер аймағын абаттандыру жоспарда бар.

«Мохнатка» және «Горельник»

Жұмыс сапары барысында қала басшысы «Медеу-Шымбұлақ» жолындағы тастардың құлауы салдарынан болған залалдарды жою жұмыстарын назардан тыс қалдырмады. Мамандардың айтуынша, бұл аймақта тастардың қайта құлауы мүмкіндігіне байланысты беткейлерді нығайту, нөсер жүйесін салу және жолды жөндеу жұмыстары жоспарланған.

Аудан әкімі Еркебұлан Оразалин қала басшысына тау бөктеріндегі нығайту жұмыстары бойынша мәселе жоспарлы түрде шешіліп жатқанын баяндады. 2023 жылдың қазан айында «Медеу-Шымбұлақ» жолындағы құлаған тастардың салдарын жою жұмыстары басталды. Жартастың құлауынан жартылай зақымдалған қорғаныс қабырғасы бөлшектелді. «Мохнатка» және «Горельник» тауларының баурайынан шамамен 80 мың м² тас шығарылды және 21 мың м³ жер үйінділерден тазартылды. Ерболат Досаев жұмыстарды белгіленген мерзімде –

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Анжыр жүруі (шугоход) деп ағынның тереңінде кесекшелер түзетін кристалдар жиынтығының қозғалысын айтады.

ағымдағы жылдың тамыз айына дейін аяқтауға тапсырма беріп, бұл мәселе қала тұрғындарының қауіпсіздігі мақсатында қатаң бақылауда екенін атап өтті.

«Есентайдағы» жұмыстар мамыр айында басталады

Алматыдағы «Есентай» өзенінде су ағысының бетіндегі анжыр қозғалысы (шугоход) мәселесі шешілді. Медеу ауданының тұрғындарымен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Есентай» өзенінің жағасында каскадтар жүйесін салу жобасымен танысты.

Мұз көшкінінің қайталануын болдырмау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Есентай» өзенінде ұзындығы 2 км жасанды сарқырама мен каскадтар құру жоспарланған. Бұл ағынның жылдамдығын төмендетуге және канал қабырғаларында мұздың тез жиналуының алдын алуға көмектеседі.

Аудан тұрғындарымен әңгімелесу барысында шаһар басшысы Ерболат Досаев каскадтар салу бойынша жобаны жүзеге асыру өзендегі анжыр жүру мәселесін шешетінін атап өтті. Ең бастысы, тұрғындардың қауіпсіздігі екенін атап өтті. Мәселен, «Есентай» өзенінде каскадтар салу жұмыстары осы жылдың мамыр айында басталып, қыста аяқталады.

ТЫҢ ЖОБА

ЖАСТАРДЫ БІЛІМГЕ, ДОСТЫҚҚА ШАҚЫРАДЫ

Зияткерлік ойындарының жүлде қоры бар

Алматыда «IQ Ala Jasty» зияткерлік ойындары басталады. Тың жоба туралы Әңгірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте жобаны ұйымдастырушылар хабарлады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«IQ Ala Jasty» жобасына алматылық барлық жас қатыса алады. Бұл қызықты ойын ғана емес, сонымен қатар қала жастарының зияткерлік дамуы мен әлеуметтік белсенділігіне ықпал ететін маңызды әлеуметтік-мәдени оқиға екеніне сенімдіміз», – дейді Алматы қаласы Жастар істері жөніндегі басқарманың бөлім басшысы Нұрсұлтан Бекқайыров.

Ал «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Әкежан Кеңесов «IQ Ala Jasty» зияткерлік ойыны қаланың студенттері мен жастарының басын бір арнаға тоғыстыратын, достастыратын жоба дейді.

«Түрлі тақырыпта өтетін зияткерлік

ойындар жастар арасында сыни ойлауды қалыптастыруға және қатысушылардың интеллектуалдық қабілет-қарымын дамытуға ықпал етеді. Олардың бойындағы мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануына жол ашамыз», – дейді Ә.Кеңесов.

Зияткерлік ойынында колледждер мен ЖОО студенттерінің және қаланың белсенді қыз-жігіттері мен NEET санатындағы жастар арасында қалаішілік лигалар өткізу арқылы жеңімпаздарды анықталатын болады. Осылайша жастардың төрт санаты арасында жеңімпаздарды анықтай отырып, ауқымды жоба өткізілмек.

Брифингте сөз алған «Алаш жастары одағы» қоғамдық қорының төрағасы Алмас Байзақов зияткерлік ойындарына қаланың барлық жоғары оқу орны мен колледждерінен 14-35 жас аралығындағы жастардың қатыса алатынын атап өтті.

«Біз зияткерлік ойындардың әр түрін қаламыздың көркем және әдемі жерлерінде түрлі форматта өткізетін боламыз. Жүлде қоры 1 миллион теңгені құрайды және әр кезеңде бағалы сыйлықтар ойнатылады. Жеңімпаздарды таңдау критерийлері әр қатысушының әр бағыт бойынша жеке жауаптарына және әр топтың ойын барысында өзін көрсетуіне байланысты болады», – деді спикер.

НАУҚАН

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Индустриялық аймақ зауыттарының аумағы қоқыстан тазартылды.



ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ ТАЗАРТЫЛДЫ

Алатау ауданындағы Алматы индустриялық аймағының өндірістік кәсіпорындары «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына белсене қатысты. Науқан аясында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен шағын өнеркәсіп парктірінің қызметкерлері өз нысанының аумағын жалпы тазалау және абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға «Алматы индустриялық аймағы» ЖШС, «Бижан» ЕӨЗ, «Kazakhstan Mobility Engineering» ЖШС, «Vehicles Almaty» ЖШС, «АвтоПластТехноЛоджи» ЖШС, «Astana Motors Engineering» ЖШС, «Kazakhstan Industrial Park», «Le porte M» ЖШС, «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» ЖШС және басқалар қатысты.

Жұмыс аясында зауыттар мен нысандардың ішкі және іргелес аумақтары қоқыстан, шүберектерден және өндірістік қалдықтардан тазартылды, құрылыстар мен ғимараттардың терезелері мен витриналары, автомобиль жолдары мен орталықтандырылған сумен қамту

мен су бұрудың құрылымдық нысандары кірден және шаңнан тазартылды.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Индустриялық аймақтың барлық қызметкерлері мен резиденттері тазалық шарасына қатысуда. Олар өз мекемелерінің айналасын, инфрақұрылымдарын тазалады. Науқанға қатысушылардың барлығы арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыздандырылды. Резиденттер арасында жоғары экологиялық тазалық мәдениетін қалыптастыру мақсат етіп отырмыз. Науқан аясында барлық ағаштар мен жалаңаштар әктеліп, арықтар тазаланды. Сонымен қатар, жол бойы қоқыстардан тазартылды», – деді Индустриялық аймақ басшысының орынбасары Арнұр Қазыбекұлы.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны 8 сәуірде басталып, 8 мамырға дейін жалғасады. Әрбір тұрғын мегаполисті дамытуға және көркейтуге үлес қоса алады.

Ернұр ЕРІАНҰЛЫ.



ІШКІ САЯСАТ

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БАЙЛАНЫСЫ**өзара тиімді қарым-қатынастың алтын арқауы**

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті. Ресми сапар барысында логистика, көлік, коммуникация, туризм және басқа салаларда ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Мақаламызда, аймақтағы геосаяси тұрақсыздық жағдайындағы қазақ-қырғыз байланысының болашағы мен бүгінгі маңызын талдап көрелік.

Қазақстан мен Қырғызстан арасында экономикалық тауар айналымы 2022 жылы 19%-ға көбейіп, 1,3 млрд долларға жетсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 23%-ға өсіп, 1,5 миллиард долларды құрады. Қазіргі таңда сауда-экономикалық байланысты 2 миллиард долларға жеткізу көзделіп отыр. Қазақстан Қырғызстанға қазірдің өзінде жалпы құны 260 миллион доллардан асатын 195 тауар түрі бойынша экспорт көлемін ұлғайтуда.

Еліміз үшін Орталық Азия елдерімен сенімді серіктестік байланыста болу – стратегиялық негізде маңызға ие. Садыр Жапаровтың ресми сапары аясында Мемлекеттер басшыларының қатысуымен жоғары мемлекетаралық кеңестің алтыншы отырысы өтіп, «Одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы» келісімге қол қойылды.

Аталмыш құжат қос бауырлас ел үшін өте маңызды. Себебі, аталмыш құжат Қазақстан мен Қырғыз Республикалары арасында страте-



(Фотодереккөз: www.akorda.kz)

гиялық байланыстың орнығуына алғышарт болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл құжат «Қазақстан-Қырғызстан байланысын дамытуға жаңа серпін» береді деп бағалады.

Соңғы отыз жыл бойына, қазақ-қырғыз байланысы дағдарыстық кезеңдерді бастан өткерді. Қазақстан мен Қырғызстан арасында қалыптасқан маусымдық мәселелер негізінен мемлекетаралық шекаралық бекеттердегі жүк көліктерінің кептелісі және трансшекаралық өзендер мәселесі. Алайда, бүгінде Орталық Азия елдері арасында ортақ құндылық қалыптасып, мемлекеттік деңгейде байланыс қайта жаңғыруда.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарапынан Са-

дыр Жапаровқа I дәрежелі «Достық» орденінің табыс етілуі символикалық түрде қос мемлекет байланысының ортақ мүдде жолында тоғысқанының айғағы. Мұның жарқын бір мысалын қазақ-қырғыз байланысындағы гуманитарлық, идеологиялық салалардағы байланыстың артқандығынан көреміз. Екі жыл бұрын Бішкек қаласында ұлы ойшыл Абайға арнап ескерткіш ашылса, биыл Астана төрінде қырғыздың ұлттық бағыры Манасқа арнап еңселі ескерткіш ашылды. Осы жылдың ақпан айында Бішкек электр жылыту станциясында орын алған апат жағдайында Қазақстан Қырғызстанға 2 мың тонна дизельдік отын жіберсе, Қырғызстан еліміздің су тасқынынан зардап шеккен төрт аймағына 300 тонна гуманитарлық көмек жө-

нелтті. Қырғызстандық медиаарналар Қазақстанда қарғын судан зардап шеккен аймақтарға қолдау көрсету мақсатында 120 сағаттық көмек акциясын ұйымдастырды. Мұның барлығы екі ел халықтары арасындағы достық пен ынтымақтың көрінісін көрсетеді.

2023 жылы тамыз айында Қырғызстан тарапы Жамбыл облысы шаруаларына келетін су ағынын тоқтатуы себепті еліміздің ауыл шаруашылығы дақылдары зардап шекті, төрт жүздей шаруа шығын көрді. Су жетіспеудің бірқатар аудандарда төтенше жағдай режимі жарияланып, Үкімет 9 облыста 20 жаңа су қоймасын салуды жоспарлап отырғанын мәлімдеген. Ендігі жағдайда аталмыш мәселелердің толық шешімін тапқанын көреміз.

Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында жүк көліктерінің кептелісі кейде ұзақтығы бірнеше шақырымға созылады. Шекарадағы бақылаудың күшеюі екі ел арасындағы түсініспеушілікке жиі түрткі болуда.

Соңғы жылдары Қазақстан мен Қырғызстан арасында қалыптасқан тағы бір маусымдық мәселелер – мемлекетаралық шекаралық бекеттердегі жүк көліктерінің кептелісі және трансшекаралық өзендер мәселесі.

Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровтың бұл жолғы ресми сапарында экономикалық салаға ерекше көңіл бөлінді. Қос мемлекет арасында автокөлік айналымын мемлекеттік шекаралардан өткізу бойынша 2024–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жол картасы қабылданды. Сәуір айында ел Үкіметінің басшысы Олжас Бектеновтың Бішкекке жасаған жұмыс сапары аясында талқыланған сауда-экономикалық бағыттағы нақты мемлекетаралық меморандумдарға қол қойылды. Қазіргі мақсат екі ел арасындағы сауда көлемін 2 миллиард долларға жеткізу көзделіп отыр. Елімізден 260 миллион долларға бағаланатын қосымша 195 тауар түрі экспортталатын болды. Сонымен қатар, азық-түлік, мұнай-химия, құрылыс және фармацевтика салаларында мемлекетаралық ынтымақтастық арттық. Қос халықтың бауырластығы – өзара тиімді қарым-қатынастың алтын арқауы.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



КЕЗДЕСУ

ШЫҒЫСТАНУ МЕН ҚЫТАЙТАНУ: жүйелі дамуға тың ұсыныстар

Қазіргі таңда Қазақстанды қамтыған Орталық Азия аймағында ислам әлемінің, Қытай мен Үндістан сынды сыртқы жаңа күш орталықтарының белсенділігі барған сайын артауда. Бұл үрдіс еліміздегі шығыстану және қытайтану ғылымын жүйелі дамытуды міндеттеп отыр.



Естай БОЖАН

Алматыда зерттеушілер және жас ғалымдардың белгілі қытайтанушы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлымен кездесуінде тың ұсыныстар мен жаңа ойлар ортаға салынды.

Белгілі ғалым, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Нәбижан Мұқаметханұлы мен жас ғалымдардың кездесуін Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ұйымдастырған болатын. Ғылыми талқы форматында өткен кездесуде ғалымның ғылымдағы еңбек жолы мен өмірбаяны таныстырылып, оған қоса,

Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының тарихы, дамуы және болашағы сынды өзекті мәселелер төңірегінде талқы өрістеді.

Басқосуда еліміздегі шығыстану мен қытайтану ғылымдарының дамуы, кез болып отырған мәселелері де талқының тақырыбында болды. Академик Н.Мұқаметханұлы кездесуде соңғы жылдары аталған салаға мемлекет тарапынан көңіл бөліне бастағанын, бұған аймақтағы сыртқы геосаяси қатысулардың бұрынғыдан арта түсуі де себеп болғанын айтты. Соның өзінде саланың дамуына толып жатқан кедергілердің бар екенін жеткізді. Айталық, осы бір қажетті ғылым саласын жүйелі қаржыландыру жеткіліксіз әрі

оған мемлекет пен ғылым саласы арасындағы қарым-қатынас жүйесі де қолайсыздықтар алып келуде.

Шара барысында Шығыстану институтының директоры, белгілі ғалым Дүкен Мәсімханұлы ғылымдағы әріптес ағасы Н.Мұқаметханұлының өмірбаяны, ғылымдағы еңбек жолымен таныстырды. Әрі институт атынан «Шығыстану ғылымына қосқан үлесі үшін» медалін тағып, ғалымның ғылымдағы еңбегіне құрмет көрсетті.

Кездесу отырысының соңында ғалым жас зерттеушілердің, салаға қызығушылық танытып жүрген мамандардың сұрақтарына жауап берді. Шараның бұл кезеңінде ғалым Қазақстан-Қытай, Қытай-Орталық Азия, Тайвань мәселесі, Ресей мен Қытай қатынасы сынды еліміздің мүддесіне тікелей және жанамалай әсер ететін геосаяси тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салды. Айталық, ғалым Ресей мен Қытай қарым-қатынасының тарихына тоқтала отырып, тараптардың қазіргі кездегі ортақ мүддесіне қарай ынтымақтастықты дамытып отырғанын, бірақ ұзақ болашақтан қарағанда көптеген белгісіздіктердің бар екенін айтты.

Бұдан бөлек, қытайтанушы ғалым шығыс көршімізбен қарым-қатынас халықаралық қатынастар тұрғысынан өзара мүдделі байланыс екенін баса айтты. Бұл қос тараптың бірдей мүдделілігі, еліміз бұны орынды пайдаланып, тең тұрғыдағы қарым-қатынастың үлгісін ұдайы сақтап отыруы керек екенін де сөз етті. Сондай-ақ, мемлекеттер арасында мәңгілік мүдделер қарым-қатынасы ұдайы өзгеріп отыратынын айта келіп, еліміз ұлттық мүддесін қорғап, даму қадамын алға бастыру үшін көршілес елдермен ортақ мүдделерді пайдалануының маңызына тоқталды.

Қытайтану саласындағы аты белгілі ғалым қазірге дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі Қытайтану орталығына жетекшілік етіп келген. Әрі осы сала бойынша отандық кадрларды дайындауға зор үлесін қосқан ғалым.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

**КӨМЕК ПЕН ҚОЛДАУ**

барлық зардап шеккен азаматтарға көрсетіледі

Қазақстанда жойқын су тасқыны салдарынан зардап шеккен азаматтардың шығынын өтеу процесі жалғасып жатыр. Үкімет бұл жұмыстарды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жүргізуде.

Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және еліміздің басқа да облыстарының тұрғындары арнайы құрылған өңірлік комиссияларға тиісті өтініштерін беріп жатыр. Бүгінгі таңда 16 862 өтініш келіп түскен.

Ағымдағы жылдың 20 сәуіріндегі жағдай бойынша 8814 отбасы жалпы сомасы шамамен 3,2 млрд теңге болатын 100 АЕК көлеміндегі біржолғы төлем алды. 2 мыңнан астам отбасы келтірілген материалдық шығын үшін 1 млрд теңгеге жуық өтемақы алды. Мал шығыны үшін берілген өтемақының жалпы сомасы 89 млн теңгеге жетті.

• Су тасқынынан кейін **8,8 мыңнан астам қазақстандық отбасы мемлекеттік қолдау алды.**

Қазіргі таңда зардап шеккен өңірлерде 3210 тұрғын үй тексеріліп, олардың 1969-ына бағалау жүргізілді.

311 үйді жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 447 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. 35 отбасыға екі үйдің орнына жаңа баспана және пәтерлер берілді.

Келтірілген шығынды өтеу жұмыстары жалғасып жатыр және олар Үкіметтің қатаң бақылауында. Ел Президентінің тапсырмасы бойынша барлық зардап шеккен азаматтарға жан-жақты көмек пен қолдау көрсетіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»,
(Дереккөз: primeminister.kz)



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары Солтүстік Қазақстан облысына 20 тонна гуманитарлық көмек жіберді



Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев осындай қиын сәттерде күш-жігерді біріктірудің маңыздылығын атап өтті.

«Қоғам мен мемлекеттің әртүрлі деңгейде жұмылуы қиындықтарды жеңудің және табиғи апаттардан кейін қоғамды қалпына келтірудің кілті болып табылады. Алматы қаласы Мәслихатының депутаттарымен және «Атамекен» ӨКП қалалық филиалымен бірге ұйымдасып, Солтүстік Қазақстан облысының әріптестерімен байланысып, депутаттардың 10 миллион теңге жеке қаражатына қажетті заттарды сатып алдық. Еліміздің бірқатар өңірлерінде апаттар басталған сәттен бастап Мәслихатта ұсынылған партиялардың фракциялары мен депутаттар компаниялары да жан-жақты қолдау көрсетуде», – деді Мейіржан Отыншиев.

Мәселен, АМАНАТ партиясы қалалық филиалы фракциясының мүшелері су басқан үйлер мен инфрақұрылымды қалпына келтіру үшін қорларға қаражат аударып, азық-түлікке, дәрі-дәрмектерге, арнайы техника мен құрылыс материалдарын қоса алғанда 600 миллион теңге сомасына түрлі көмек түрлерін жіберді. Respublica партиясының депутаттары су тасқынынан зардап



шеккен өңірлерге жалпы сомасы 80 миллион теңгеге 80 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жіберді. Ал «Қазақстан Халық партиясы» және «Байтақ» фракциясының мүшелері азық-түлік тауарларын, арнайы киімдерді, гигиеналық құралдарды және т.б. қоса алғанда, тиісінше 150 миллион және 90 миллионнан астам көмек көрсетті. Фурамен бірге жіберілген гуманитарлық көмек зардап шеккендер қажеттілік-

терінің кең ауқымын қамтыды. Көмек тізіміндегі қажетті заттардың қатарына тамақ, ауызсу, матрастар, газ плиталары, төсек-орын жабдықтары, моторлы қайықтар, құтқару кеудешелері, қаптар, қалта мен кол шамдардың әр түрлерін, рациялар, резеңке комбинезондар мен етіктер, қолғаптар және т.б. кіреді.

«Сондай-ақ, Kusto Home компаниясын басқаратын депутаттымыз Мұрат Өтемі-

сов зардап шеккен өңірлерге барып, көмек көрсетуге және салдарды жоюға 400 миллион теңге көлемінде қаражат бөлу туралы жариялағанын атап өткім келеді. Атырау, Ақтөбе және Қостанай облыстарында көмек көрсетілуде. Бұл қолдауды қажет ететіндер үшін және соңғы апаттардан кейін өңірлердің тез қалпына келуіне ықпал етеді деп үміттенеміз», – деп түйіндеді Мәслихат төрағасы.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АНТҚА АДАЛДЫҚ, СЕРТКЕ СЕРГЕКТІК

тасқынға тосқын болады



Айнабай
МӘДИ

Қоян жылғы қарбалас

Ынтымақ-бірліктің арқасында ел басына күн туған бүгінгі су тасқыны кезінде «бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол» шығарып, көмекке ұмтылудамыз. Бірақ болмай қоймайтын апаттың алдын алуға келгенде, дәрменсіз күй кешкен жауапты шенеуніктердің қылығына қарның ашады. Олардың Құдайдың сөзіндегі уәдеге беріктігіне сызат түскендей. Тасқын су да басқыншы жаудай тиді. Тағы да қапы қалдық. Апат уақыт талғамайды. Қыста қалың қардың жауғаны белгілі. Су қоймаларының арнасынан асатыны содан. «Қазгидромет»-ті кінәлай алмайсың. Дер кезінде мәліметін беріп тұрды. Ескеру керек еді... Оның үстіне, бныл қоян жылы. Тарихқа көз жүгіртсек, қоян жылы небір дүлей апат, зобалаң, нәубеттің орын алғаны тарихтан мәлім.

«Бастысы, уәдеге берік халық едік. Уәдені Құдай сөзіне балаған қазағым осы бір қағиданы берік ұстанып еді. Содан айырылып бара жатқандаймыз...» деп қамығып еді бір сөзінде Ақаң, қазақтың белгілі этнологы, жазушы Ақселу Сейдімбек. Атам заманғы шежіреге зер салсақ, қыпшақтар (қазақтар) тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, еларалық маңызды мәселенің өзін уәдесмен шешіп отырған. Тіпті, бұған еуропалық, шетелдік саяхатшылардың өзі таңқалғанын өз естелігінде жазып, қалдырды. Еуропа, АҚШ мұрағаттарында осыған қатысты бірталай жәдігер (естелік) бар.

Мол суды пайдаға жарату қажет

Орасан зор аумақты алып жатқан жергілікті Ирикла қоймасынан су ытқып шығып, жолындағы көптеген елді мекенді жайпап өте шықты. Ор қаласы біздің Атырау аймағындағы Құлсарының кейпін киді. Орынбордың шет жағасы да суға шайылды. Президентіміз бастап, Үкіметіміз қостап, аймақтардағы тасқынға тосқын жасалуда. Төтенше қызметке, салалық қызметке, әскерилерге қалың бұқара өкілдері: жергілікті тұрғындар, еліміздің сан тарабынан келген еріктілер күш қосуда.

Ағысы әдеттегіден әлденеше еселенген Жайық суы жолындағыны жайпап барады. Кешелі-бүгін Жайық суы жойқын. Маңайдағы оннан астам саяхатқа жайыла жөнелген. Тосқауылдар қойыла бастады. Оралдың іргесіндегі Бәйтерек ауданына төнген қатер біртіндеп сейіле бастағандай. Атырауға келер қауіпке осы Оралдың жолында мықтап тұрып тосқауыл қоймаса болмайды. Қауіп бұлтын сөйтіп сейілткен жөн. Солай болды да.

Табиғи апат – су тасқынын тоқтату шараларымен төтенше жағдайлар мамандары айналыса да, Құдайдың бергені – дәл осы топан суды тиімді пайдаланып қалуы қарастыру аса қажет. Өйткені, ондаған жылдар осындай мол суға зар болғанымызды ұмытпауға тиістіміз. Қасіретпен қабаттас қуаныштың да жүретінін ескеру керек. Осы күндері осы Орал аумағының өзінде, Атырау аймағында Жайықты жағалай орналасқан, кенезесі кеуіп қалған шағын көлдер көп. Мемлекеттік «Қазушар» мекемесінің мамандары сушылар Жайықпен жағалас Көшім каналы арқылы осы шаруамен де айналысып, еркінен тыс қатты аққан суды сол көлдерге қарай бұрудың жолдарын қарастыруда. Қуана құптарлық жәйт.

Апат «менмұндалап» келмейді

«Апат айтып келмейді» дейтін тәмсіл бар. Алайда, қай апат «менмұндалап» келеді дейсіз?.. Соған сақадай сай тұруы тиіс. Кеңес өкіметі кезінде еліміздің ішкі өзендері мен ішкі су қоймалары, ондағы гидротехникалық, гидромеханикалық құрылыстар қатаң бақыланатын. Мәселен, ерте күзде, қысқа таяу уақытта жергілікті өзен мен каналдағы гидрожелі майланып, жарамсыз ауыстырылып, сайланып қойылатын.

Ол шақта ауданға тікелей бағынатын коммуналдық шаруашылық бар болатын. Бүгінде де мұнда шаруашылықпен айналысатын мекемелер жоқ емес, бар. Оларды бір қолға шоғырландырмас үшін тендер ұйымдастырылады емес пе. Сол тендерді жеңіп алған дербес мекемелер қауіпсіздікті естен шығармауы тиіс. Сол қауіптің алдын алуға орай, аумақ, аймақ басшылығы ондай мекемелерден талап етіп, тапсырмасын орындата алатындай жағдайда ғой. Бұл жағдай аталған мекеменің міндеттемесінде де жазылған.

Мамандар мәселесі ойлантады

Қарғын су демекші, сонау Николай патша заманында салынған Орынбор–Ташкент теміржолының бойымен талай жүрдік. Арал–Қазалы–Қызылорда–Жаңақорған бағытымен жүргенде байқағанымыз, мидай далада, айдалада теміржол астына өткелдер салынғанын байқайтынбыз. Неге? Мұның да мәнісі бар. Бұл – биік төбелерден, таудан аққан қар суының, қарғын судың ылдиын тауып түйісер тұсы. Табиғатпен тел өскен бабамыз бәрін ескерген. Осыны қаперге алмаған Батыс Қытай – Батыс Еуропа тасжолын салғандар жергілікті жұрттың айтқан уәжіне құлақ аспай, әлгі қарғын судың түйіскен жерлеріне қолын бір сілтеген. Іле-шала әлгі жерлерге жиылған сарқырап, арқырап аққан қарғын су еуропалық стандарттағы тасжолдың опыр-топырын шығарды.

Жалпы, тасыған сумен ойнауға болмайды. Сонау 1963 жылдың 7 шілдесінде биік таудағы Есік көлі кемерінен асып, төменге құлдилап бір күнде қаншама төңіректі ойран-топан еткенін айтушылар әлі күнге бар. 1966–1980 жылдар аралығында осы Алматының өзінде сол кездегі ел басшысы Дінмұхамед Қонаевтың бастамасымен Медеу плотинасы қандай ерлікпен салынды десенші. Ғылым мен техника өрте басқан мына шақта талай дүлей апаттың алдын алуға, сақтануға мүмкіндік мол. Тек, соған жергілікті басшылықтан ынта-жігер, қамқорлық жетіспейтіні қынжылтады.

Енді, міне, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Ведомство ендігі бағытын айқындап алуы қажет деп білеміз. Аймақтардағы «Сушар» мекемелерінің жүгі жеңілдемеуі тиіс. Тіпті, бұрынғырақ елімізде гидротехникум да болған. Алматы облысы, Шамалған селосында осындай арнаулы орта оқу орны болғанын білеміз. Кезінде бірдей бір салалық жоғары оқу орны – Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты мамандар даярлады. Енді осындай оқу орындарында даярланатын мамандарға зәрулік басталды. Мәселе мамандар даярлауда. Кәсіптік, арнаулы орта, жоғары білімді мамандардың аса қажеттігі туындауда. Бүгінгі жағдай соны талап етуде.

**КІМ КӨП
КӨМЕК
БЕРДІ?**

Владимир Ким	40 000 000 000 ₸
Тимур Құлыбаев	30 000 000 000 ₸
Вячеслав Ким және Михаил Ломтадзе	20 000 000 000 ₸
Болат Өтемұратов	10 000 000 000 ₸
Кеңес Ракишев және Әсел Тасмағамбетова	1 200 000 000 ₸
Динара Құлыбаева	1 000 000 000 ₸
Тимур Турлов	1 000 000 000 ₸
Андрей Лаврентьев	500 000 000 ₸
Нұрлан Смағұлов	500 000 000 ₸
Айдын Рахымбаев	500 000 000 ₸
Александр Машкевич, Патох Шодиев және Ибрагимовтар отбасы	500 000 000 ₸
Ғалымжан Есенов	300 000 000 ₸
Бахытбек Байсеитов и Владислав Ли	200 000 000 ₸
Сайдұлла Қожабаев	102 000 000 ₸
Арсен Томский	90 000 000 ₸

Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

Forbes тізімін бастап тұрған өзге олигархтардың су апатынан зардап шеккен өңірлерді қолдауға қаражат жібергені жайлы ақпарат жоқ.



#ҚалаЖалғызБізКөппіз

(Басы 1-бетте)

Мәслихат төрағасының айтуынша, экоакцияға қатысушы тараптар отырғызылған жеміс ағаштарының өркен жайып кетуіне 3 жыл бойы бақылаушылық ететін болады. Ары қарай қала әкімдігінің балансына беріліп, аумақтың көгалдануы назарда ұсталады.

Халқының сүйікті перзенті әрі тәуелсіз елдің тұңғыш Қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетовтің ғасырлық мерейтойына арналған эко-науқанға зейнеттегі генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев та келіп, өз қолымен көшет отырғызды. «Сағадат Қожахметұлы сынды аталарыңды білесіңдер, еліміздің әскери-қауіпсіздік саласының аяғынан тік тұруына зор үлес қосты. Міне, 100 жылдық мерейтойы қарсаңында сүйікті қаламыз – Алматыда осындай ауқымды іс-шара өтіп жатыр. Бұл негізі Алматы мен ұрпақтың келешегіне жасалып жатқан жұмыс. Ертеңгі ұрпақ бұл жерді қазіргіден де әсем ортаға айналдырады», – деген үмітін жеткізді Сәт Бесімбайұлы.

«Таза Қазақстан» мен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциялары аясында, әрі қазақ батырының мерейтойына арналған игі шараға бастамашы тараптардың бірі республикалық «Генералдар кеңесі» болды. Аталған кеңестің төрағасы, генерал-майор Махмұт Телгусов кезекті іс-шараның мәні зор екенін жеткізді. «Қазақстан Қарулы күштерінің құрылуына айрықша үлес қосқан Сағадат Қожахметұлының 100 жылдық мерейтойы мұндай нақты іс-шараға бағытталғаны айрықша маңызды. Көріп отырсыздар, мұнда отставкадағы, зейнеттегі әскерилер, ардагерлер жаңа буынмен бірге қаламызды көркейтуге, еліміздің экологиясын жақсартуға атсалысып жатыр», – дейді генерал-майор Махмұт Өтегенұлы.

Алатау ауданындағы игі істің басына ғылым мен мәдениеттің бірқатар өкілдері де келді. Солардың қатарында Роза Кәріпжанова алматылықтарды осындай игі шараға қатысуға шақырды. «Алматы – біздің сүйікті қаламыз. Болашақ ұрпаққа оны жанға жайлы, тамаша етіп жеткізу – біріміздің міндетіміз. Ел жастары, барлық азаматы өз еліміздің табиғатын жанымыздай қорғап, қарашығымыздай аялауға тиісіз. Мен осындай жасыл табиғат үшін жасалып жатқан шараларға барлық алматылықтарды қатысуға шақырамын», – деді.

Бастамашы тарап жетекшілерінің бірі ретінде генерал-лейтенант Бексұлтан Сәрсек-ов эко-шаралар еліміз бен сүйікті қаламыз Алматыға деген сүйспеншілігіміздің белгісі екенін айтады. Ол журналистерге: «Сағадат Нұрмағамбетов сынды батыр атамызға арнап өз қолыммен ағаш егетін деп келдім. Шараның ауқымды өтіп жатқанын көріп, қуанып тұрмын. Алматымыз қашанда жасыл әрі таза қала болуы керек. Алматы – менің ең сүйікті қалам. Осында өсіп-ержеттім. Сондықтан бүгінгі шара мен үшін өте маңызды. Ардагерлерден тартып өзге де әскери азаматтар, Шекара академиясының курсанттары, жастар ұйымдары да қатысып жатыр. Бұл азаматтардың сүйікті қаламыз бен елімізге деген сүйспеншілігін білдіреді», – деген пікірімен бөлісті.

Эко-шараға келіп өз қолымен көшет отырғызып отставкадағы полковник Шыңғыс Тоқбораұлы да батырды ұлықтау мен эко-шаралардың ұштасуын құптады. Өз өзінің: «Сағадат Қожахметұлы – дақты адам. Бүгін міне, осындай нақты іс-шара арқылы бір жағынан батыр тұлғаны еске алып, енді бір жағынан болашаққа, келер ұрпаққа пайдалы іс атқарып жатырмыз деп ойлаймын. Мұнда қазір зейнеттегі офицерлер мен жаңа курсанттар да келіп отыр. Осының өзінің де үлкен символдық мәні бар. Ұрпақ сабақтастығы осындай игі шара аясында тоғысып жатыр», – деген пікірімен бөлісті.

300 түп алма ағашы отырғызылған аумақ Алматыдағы ЖЭО-2 аумағына жақын орналасқан. Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков осы аумақты жасылдандыруда қаланы көріктендірумен қатар жылу электр орталығынан бөлінген лас газдардың таралуын азайту мақсаты көзделгенін айтты.

«Ауданымыз қаладағы ең жас әрі қарқынды дамып келе жатқан аудан саналады. Соңғы 4 жылда аудан көлемінде 350 мың түптен аса ағаш егілді. Сонымен бірге, бұл ағаштарды суаруға алғаш рет тамшылатып суару технологиясы енгізілді. Қазір өтіп жатқан республикалық және қалалық эко-акциялар аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады», – дейді аудан әкімі. Азамат Қалдыбековтің айтуынша, былтыр осы аумаққа Алматы қаласының халықаралық терминал коды саналатын «ALA» әріптері формасында ағаштар отырғызылған. Қазір соның аумағын кеңейтіп, қала маңын жасылдандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.



САНА ТАЗАРСА,

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына шаһар

БАЛАЛАР ДА ҮЛЕС ҚОСТЫ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында барлық оқу орындарында «Мектеп ауласының оазисі» ландшафт дизайн фестивалі өтті.

215 мектептің аулаларында абаттандыру жұмыстары аясында 5–11-сынып оқушылары 20 мың гүл, 430-дан астам жеміс ағаштары, 200-ден астам туя ағашын отырғызды. Оқушылар оқу ғимараттарының аулаларын

әдемі және тартымды ету үшін белсенді жұмыс жасады.

ҚОРШАУЛАР МЕН ҚАҚПАЛАР БОЯЛДЫ

Алматы ауданының комьюнити-орталығының жастары «Алматы – біздің ортақ үйіміз» компаниясы аясында «Jas niet» акциясын өткізді. Акция мақсаты – жалғыз тұратын зейнеткерлер мен жеке секторда тұра-

тын ерекше қажеттіліктері бар қарттардың аулаларын тазалауға көмек көрсету.

Іс-шара аясында жастар зейнеткерлердің үй аумағын ретке келтіріп, қоршауларын бояп, ағаштарды ағартуға және басқа да шаруашылық жұмыстарына жәрдемдесті. Нәтижесінде 20-ға жуық волонтер 2 күнде 16 үйдің шаруашылығына көмектесіп, үлкендердің алғыстарына бөленді.

Волонтерлердің айтуынша, мұндай акциялар қарияларға құрмет көрсетудің бір белгісі дейді.

«Мұндай акцияларды Алматы жастары жиі өткізіп тұрады. Жалғыз тұратын және көмекке мұқтаж қарияларға көмек көрсету біздің міндетіміз деп білеміз. Акция аясында біз тек аулаларды ретке келтіріп қана қоймай, сонымен қатар зейнеткерлер үшін азық-түлік жиынтықтары мен шайға тәттілер түрінде шағын сыйлықтар алып келдік», – дейді Зере Мақсұтхан.

Естеріңізге сала кетейік, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Жақыныңа жәрдем бер» акциясын өткізу туралы бастама жариялады. Бұл бастама ҰОС ардагерлері, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандар тұратын жеке тұрғын үйлердің қоршауы мен үй маңындағы аумақтың эстетикалық мазмұнын жақсартуға бағытталған. Бұл учаскелерде қоршауды, қақпаны сырлау, іргелес аумақты қоқыстан тазарту және т.б. жұмыстар жүргізу қажет.

ЖАСТАР БАЛАЛАР ҮЙІНІ АУМАҒЫН ТАЗАРТТЫ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында қала жастары үйі жоқтарға және басқа да әлеуметтік мекемелерге көмек көрсету орталығы аумағын абаттандыруға қатысты. Бұл акция «Әлеуметтік шеберхан» атауымен өтуде және оның аясында жастар бір апта ішінде 25 ағаштың түбін әктеп, 47 орындық пен 3 ойын алаңын сырлауға, сондай-ақ қаланың 4 балалар үйінің аумағын тазартуға көмектесті. Акцияға Алматы қаласының коммуналдық орталығының 50-ден астам белсендісі қатысты.

Айта кетерлігі, бұл акция одан әрі жалғасады. «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының соңына дейін еріктілер 6 пансионат пен 5-тен астам басқа да әлеуметтік мекемелердің күзеті мен әл-ауқатына көмек көрсетеді. Алматының еріктілері жыл бойы осындай көмекті белсенді түрде насихаттап келеді.

Мысалы, қыста олар балалар үйлері мен жалғызбасты зейнеткерлердің үй учаскелерін қардан тазарту жұмыстарына көмектесті, қаланы тазартып жатқан коммуналдық қызметкерлерге ыстық шай мен тағамдар берді.

ТАБИҒАТ – АДАМЗАТТЫҢ БІР НЕСІБЕСІ

Адамзат – табиғаттың бір бөлшегі. Бізді қоршаған орта – тау-тас, өзен-су, тал-теректің барлығы адамзат баласының игілігіне қызмет етіп жатқан Тәңірдің



Асанәлі ӘШІМОВ:

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕТКЕ ҰСТАР ҚАЛАСЫ БОЛЫП ҚАЛУЫ ТИІС»

Еліміздің белгілі әншілері Жұбаныш Жексен, Мақсат Базарбаев, Айжан Нұрмағамбетова, Абай Бегей, Қарагөз Сүлейменова, Алма Аманжолова, Марал Анарбек, Нұрмұхаммед Жақын, Ақбота-Нұр Сейтмағамбет, Индира Елемес, Ермек Меденов, Диана Исмаил, Нұрсұлтан Нұрбердиев, ALPHA тобы, Еркебұлан Дайыров, Жандос Айбасов және басқа да әншілер мен актерлар сенбілікке қатысып, тыңдармандарын қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениетті дамытуға атсалысып, насихаттауға шақырды.

Өнер адамдары Абай және Алатау даңғылдарының қиылысында 300 алма және 200 қарағай отырғызуға қатысты, сондай-ақ Орталық мәдениет және демалыс саябағы маңында арық желісін тазалауға, қоқыс жәшіктері мен қоршауларды бояуға қатысты, «Сарыарқа» скверінің аумағында арық желісін тазалап, 50 көшет отырғызды. Сондай-ақ, эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Сейфуллин» скверінің аумағында 100 көшет отырғызылды.

«Алматы – 1000 жылдық тарихы бар әдемі қала. Мен мұнда 17 жасымнан бері тұрамын, өзімді жергілікті алматылық сезінемін. Кез келген басқа қалада менің қысымым көтеріледі, ал үйге қайтарда бірден қалыпқа келеді. Сүйікті Алматымызды таза ұстайық, ол Қазақстанның бетке ұстар қаласы болып қалуы тиіс. Барлық әріптестерімді және жас талант иелерін белсенді болуға шақырамын», – деді Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов.



ҚАЛА ДА ТАЗАРАДЫ

тұрғындары белсене қатысуда

сыйы. Әттең-айы, біз сол табиғаттың тілсіздігін пайдаланып, оның алдындағы борышымызды орындамай жүргенімізде... Хакім Абай: «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес...» деп текке айтпаса керек. Табиғаттың қоры да азаяды, ағаш солып, тау шөгеді, су тартылады. Мемлекет басшысы өзінің кезекті Жолдауында аймақтардағы елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру мақсатында «Таза Қазақстан» атты республикалық бастама көтерсе, қала әкімдігі «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты экологиялық акцияны бастады. Осы акция аясында Медеу ауданындағы №19 мектеп ұжымы да белсенді түрде экологиялық науқанға қатысып жатыр.

Аталмыш мектептің жоғары сынып оқушылары «Қоқыстың сұрыптау» деп аталған қоқысты сұрыптау жұмысына білек сыбана кірісіп, бастауыш сынып оқушыларына үлгі көрсетті. Сонымен қатар, мектеп оқушылары барша қала тұрғындарын «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясына қатысуға шақырып, әлеуметтік желілерде челленджерін жолдады. Осылайша мектеп ұжымы аптаның бейсенбісінде «Таза бейсенбі» атты мектеп ауласын тазалауға арнаған іс-шара ұйымдастырды. Бұл күні 8–10-сынып оқушылары мектеп аумағындағы қоқыстарды жинады. Жалпы, мектеп ұжымы жүргізіп жатқан іс-шара барысында оқушылар тек мектептің тазалығын сақтау ғана емес, бүкіл қоршаған ортаға деген махаббат екенін сезінді. Мектеп ауласындағы іс-шара легі жалғасын тауып, «Құстарға үй сыйла» атты акцияға ұласты. Мектеп оқушылары белсенді түрде қатысып, құстарға қамқорлық жасады.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында мектептің 4, 5, 6 және 7-сынып оқу-



шылары арасында сурет көрмесі өткізілді. Мектептің жас талантты суретшілері қиялдарына ерік беріп, Алматының көркем орындарына деген сүйіспеншілігін сурет арқылы жеткізді. Мектеп ұжымы арасында өткен «Мектеп ауласын бірге көркейтейік» деген ұранмен оқушылар мен олардың ата-аналары аулаға жас көшеттер отырғызды.

Бұл бастама «Мектеп – ауласының оазисі» деп аталды.

Экологиялық науқан басталғалы бері «Алматы – біздің ортақ үйіміз» деген тақырыпта мектеп оқушылары мен ұстаздары күн сайын әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып, мектеп ауласының тазалығына ғана емес, Алматы қаласының көркеюіне де белсене атсалысып жатыр.

«Таза Қазақстан» науқаны жас жеткіншектердің алдағы өмірлеріне үлкен өнеге, экологиялық тәрбие екені сөзсіз. «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген халық даналығын жаңғыртатын кез келді!

«ТАЗА ҚАЛАДА ТҮРҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ!»

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталғалы Алматыны жанындай жақсы көретін оның тұрғындарында тыным жоқ. Қайтсек қаланың тазалығына, оның өркендеп, көркеюіне үлес қосамыз деп жатқан жұрт. Әрине, Алматы бәрімізге ортақ. Сондықтан оның тазалығын хәм сұлу келбетін сақтау да баршамызға ортақ болса керек. Қазір қала көшелеріндегі Алматыны ластамау, оның көрікті көркін сақтау іспетгі жазылған айшықты ұран-

дарға бей-жай қарау мүмкін емес. Баршамызды табыстырған, таныстырған, тіпті несібімізді тауып отырған Алматыға деген алғыс ретінде ең болмаса оның тазалығын сақтасак, қане!

Қазір шаһар көлемінде өтіп жатқан науқанға Алматының ең кішкентай тұрғындары да қатысып, өз үлестерін қосып жатыр. Медеу ауданындағы Самал Әбсәттарқызы басшылық етіп отырған №196 бөбекжай-балабақша ұжымы 30 тал көшетін, бірнеше түр раушан гүлін, туя, шырша ағаштарын отырғызды. Балабақша аумағында өткен көгалдандыру жұмысына ата-аналар да өз еріктерімен қатысып, бірліктің үлгісін көрсетті. Ата-аналар бос жатқан аумақтарға жаңадан тал-теректің көшетін отырғызса, бүлдіршіндер оның түбіне су құйып отырды. Кішкентай тұрғындардың да талабы орынды. Олар да таза қалада тұрғысы келеді. Уақыт өте шыбықтың шынарға айналып, талай бүлдіршінге сая болары анық.

НАУҚАННЫҢ ЕКІНШІ АПТАСЫ АЯҚТАЛДЫ

Алматылықтар мен бизнес қауымдастығын біріктірген науқанның өткен аптадағы қорытындысы жаман емес. Тазалық шаралары ұйымдастырылғалы бері алып шаһар бұрынғыдан да жаңара, жайнай түскендей. Қала тұрғындары акция аясында Ғашықтар күніне арнап ағаш отырғызды, ардагерлерге қамқорлық жасады, балалар мен спорт алаңдарын сырлады. Тазалық акциясында қоқыстарды тамаққа ауыстыр атты шара да ұйымдастырылды.

Тазалық шараларына белгілі спортшылар, артистер мен қоғам қайраткерлері де

атсалысты. Олар жергілікті қоғамдастықтармен бірлесіп барлығы 3618 аула аумағын (қалада барлығы 4020 аула) тазартты.

Қызығушылық танытқан қала тұрғындары учаскелер мен үй ішілік аумақтарды көгалдандыру үшін 3 мың көшет алды. Жалпы, науқан басталғалы барлығы қала аумағына 10 мыңнан астам жапырақты ағаш отырғызылды. Қоршауды, орындықты, беседкаларды бояғысы келетіндерге Алматы әкімдігі тарапынан 1,5 мың литр лак-бояу материалдары берілді.

Шара аясында қала тұрғындары қарттарға көмектесуге арналған «Жақыныңа жәрдем бер» атты акцияға да бір кісідей атсалысты. Науқан аясында белсенді азаматтар мен еріктілер 98 мұқтаж адамға, оның ішінде ҰОС ардагерлеріне, жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетті. Еріктілер қариялардың бақтары мен ауласын ретке келтіріп, ағаштарды кесуге және қоқыстарды шығаруға көмектесті, жеке үйлердің қоршауларын бояп, тазалап берді.

«Қоқысты кофеге/тағамға айырбаста» акциясы аясында балалар мен ересектер 737 кг қайта өңделетін шикізатты (138 кг пластик, 95 кг алюминий, 210 кг макулатура, 294 кг шыны) тапсырды. Айта кетейік, акция осы жылдың 8 мамырына дейін жалғасады.

Барлық оқу орнында «Мектеп ауласының оазисі» ландшафты дизайн фестивалі өтті: балалар 500-ден астам ағаш отырғызды. Қазіргі таңда қаланың барлық мектебі қатысаын «Қоқысыз мектеп» эко-марафоны өтіп жатыр. «Құстарға үй сыйлайық» мектеп челленджі аясында 1 мыңнан астам құс ұясы жасалды. Олар мектеп ауласында, саябақтар мен алаңдарда орнатылды.

ЖОО студент-жастарының күшімен (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЕТУ, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ, АЭЖБУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Л.Б.Гончаров атындағы ҚазАЖИ, ҚБТУ, АГЭУ) 8 мың шаршы метр аумақты көркейтіп, тазартты.

Жастар және еріктілер ұйымдарының өкілдері 10 экологиялық акцияны бастады («Әлеуметтік шеберхана», «Батарейны тапсыр – топырақты сақта»), «ЭкоСорт: таза қала үшін бірге», пластикалық, шыны және қағаз материалдарды одан әрі қайта өңдеуге беру үшін арнайы ұйымдастырылған пункттерге бөлек жинау, «Таза ойындар» аумақтарды жарыс форматында тазарту, «Бір қап қоқысты бір келі алмаға айырбаста», «Өмір ағашы: өз ағашыңды отырғыз» және т.б.).

Жеке кәсіпкерлік нысандарға іргелес аумақтарды жинау бойынша эко-челлендж басталды. Оған түрлі кәсіпорындар, зауыттар, базарлар, сауда-ойын-сауық орталықтары, автосалондар және т. б. қатысты.

Баум тоғайында қоқыс жинаумен біріктірілген плагинг жарысы өтті. Қаланың 500-ден астам спорттық жүгіру қоғамдастығының белсендісі науқанға қолдау көрсетіп, сүйікті демалыс орнын қоқыстан тазартты. «Гүлдер» саябағында алғаш рет Жас жұбайлар аллеясы ашылды, онда жас жұбайлар жапырақты қарағаштың 30-ға жуық көшетін отырғызды.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталғалы 1050-ден астам аялдама кешенін, 249 бағдаршам нысанын және 3580 жол белгісі көтергіштерін жуу, 787 контейнерлік алаңды дезинфекциялау және жуу, 720 люкті көтеру, 3248 орындық пен 6450 қоқыс жішіктерін сырлау, сондай-ақ рұқсат етілмеген жарнаманы жою және 120 нысанның аумағын тазалау (медициналық мекемелер, мектептер, кітапханалар және т.б.) жүргізілді. Қаланың көше-жол желісінің магистральдық көшелерінде ағымдағы (шұңқырлы) жөндеу жұмыстары жүргізілуде, бүгінде 26,5 мың шаршы метрден астам асфальтбетон жабыны жөнделді.

«ТАЗА ҚАСБЕТТЕР» АКЦИЯСЫ БАСТАЛАДЫ

Алматылықтар мен қала қонақтары науқанның соңына дейін мегаполисті көркейтуге белсене қатыса алады. 22–28 сәуір аралығында тауларда, өзендер мен су айдындарының жағалауларында, сондай-ақ қаланың саябақтары мен скверлерінде қоқыстардан жаппай тазалау және ағаш отырғызу өтеді. Осы кезеңде Алматыда «Таза қасбеттер» акциясы басталады, ол бойынша коммуналдық меншіктің әкімшілік нысандарының, коммерциялық құрылымдар ғимараттарының және тұрғын үйлердің қасбеті тазартылады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Естеріңізге сала кетейік, 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында Алматыда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны өтіп жатыр. Әрбір тұрғын қаланың дамуы мен абаттандырылуына өз үлесін қоса алады.

Әзірлеген
ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.





ТРЕНИНГ

ЗАМАНАУИ МЕКТЕП

білімді қоғамның баспалдағы

№76 жалпы білім беретін мектепте WorldSkills Almaty 2024 аймақтық чемпионаты мен Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының айлығы аясында №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледж студенттерінің «Заманауи мектептегі өзін-өзі басқару күні» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мақсаты – білім алушылардың мектепті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру, ұйымдастырушылық, коммуникативті қасиеттері бар, білімді, білікті, АКТ мен цифрлық технологияларды жетік меңгерген болашақ ұстаздарды дайындау.

«Бастауыш білім беру» мамандығының 4-курс студенттері мектеп директорының, мектеп директорының бастауыш сынып

бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасарының және бастауыш сынып мұғалімдерінің рөлін шығармашылық арқылы көрсетті. Іс-шара мектеп базасына саяхаттан басталды. Мектептің материалдық-техникалық базасымен таныстырып, мектептің тарихы мен жетістіктеріне тоқталды.

Әдістемелік коучингте цифрлық ресурстар арқылы білім сапасын арттыру мүмкіндіктерін көрсетті. Сабақтың барлық кезеңінде қолдануға болатын цифрлық платформалар таныстырылды. Қысқа мерзімді жоспар жазуға көмектесетін «Copilot» платформасының, ерекше дизайн



презентация жасауға «Focusky» платформасының, жаңа сабақты түсіндіруге «Genially» платформасының, кері байланыс жасауға «Answergarden» платформасының, бағалауға «Classdojo» платформасының мүмкіндіктері көрсетіліп, практикалық жұмыстар жүргізіл-

ді. Ата-аналарға арналған семинарда оқушы-мектеп-ата-ана қарым-қатынасының заманауи үлгілерін ұсынды. Ата-аналарға арналған психологиялық «Отбасылық махаббат үйі», «Отбасылық құндылық ағашы» тренингтер өтті.

БІЗ БІРГЕМІЗ!

БІРЛІКТІҢ
АЛМАЙТЫН БИГІ
ЖОҚ

Еліміз қазір тосыннан келген топан судың алдын алып, қиындықтың бетін қайтарғандай. Әсте, мұндай сын сағатты тек бірліктің арқасында ғана енсеруге болатынын болған жағдайдың өзі дәлелде берді. Мәселен, қиын сәтте де эвакуациялық пункттердегі балаларды орналастыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп, 2393 балаға оқу процесі ұйымдастырылды. Олар бағдарламадан қалып қоймай, қазіргі кезде сабақтарын да қоса жалғастырып жатыр.

Бұған қоса, Оқу-ағарту министрлігінің ресми өкілі Мереке Амангелдіқызының айтуынша, тасқыннан эвакуацияланған бастауыш сынып оқушылары сауықтыру орталықтарына ата-анасымен бірге баратын болды.

Ал орта буындағы оқушылар «Дарын», РФММ, БИЛ және НЗМ сияқты республикалық маңыдағы инновациялық мектеп-лицейлердің жатақханасына, жоғарғы сынып оқушылары уақытша колледждерге орналастырылды. Қазір тасқын болған аумақтарда 400-ге жуық мектеп психологі жұмыс істеп, өңірлік бала құқығы жөніндегі уәкілдердің белсенді жұмысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, балаларды сауықтыру орталықтарына тасымалдау үшін қауіпсіздік нұсқаулығы мен алгоритмі де әзірленді. Сауықтыру орталықтарына әзірге Батыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе облыстарынан 600-ге жуық оқушы қабылданды.

ЖАС МАМАН

Биыл мектеп бітіруші түлектердің дені колледжді таңдап отыр. Бұл, әрине, әркімнің таңдауындағы шаруа. Өйткені, жастардың біразы отбасындағы тұрмыстың түзелуіне көмек көрсеткісі келсе, енді біреулері ертерек есейіп, маман болғысы келеді. Сондықтан елімізде колледжде оқитын студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдай жасалып жатыр.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» – ЖАҢА БАҒДАР

Еліміз бойынша 2024–2026 жылдары «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 740 мың орынды 369 мектеп салынады. Осыған орай, «Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отыр.

Құжатта «Жайлы мектептерге» арнайы педагогтар даярланатыны туралы көрсетілген.

Сонымен, «Жайлы мектеп» жобасы аясында ашылатын мектептер үшін жаңа формациядағы 7 мың мұғалім жаңа тәсілмен дайындалатын болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында жаңа формациядағы мұғалімдерді даярлау үшін педагогикалық бағыттар бойынша 7 мың мемлекеттік білім беру гранттары бөлінетін болады.

Елдегі өзгермелі демографиялық ахуалды және педагог кадрлардың жасы келіп,

зейнетке шығатынын ескере отырып, педагог кадрларға қажеттіліктерді болжау жүйесін құру бойынша зерттеулер жүргізіледі. Бұған қоса, енді мектептердің жаңа үлгілеріне сәйкес білім беру бағдарламалары да өзектендіріледі. Болашақ мұғалімдердің зерттеу құзыреттілігін дамыту үшін «Іс-әрекеттегі зерттеу», «Білім берудегі деректерді зерттеу және талдау әдістері» пәндері енгізіледі. Сонымен қатар, жаңадан жасалған өзгертулерде бакалавриат – магистратура – докторантура сабақтастығы сақталуы керек екендігі де баса көрсетілген.

ҰБТ – 2024

ҰБТ-ҒА ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР
ЕНГІЗІЛДІ

Биыл ҰБТ сынағына біраз өзгеріс енгізілгені белгілі. Жақында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық бірыңғай тестілеуге тағы да жаңа өзгерістер енгізді. Сынақ ережелерінің қатары тағы да екі тармақпен толықты.

Мәселен, қазақ тілін В1 (орта) деңгейінен төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар адамдар бейіндік пәнді немесе «Қазақ тілі» ҰБТ арнайы пәнін тапсырудан босатылады. Талапкерлер бұған қарамастан білім беру гранты конкурсына қатысып, ақылы негізде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылданады.

Сонымен қатар, Назарбаев Зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған түлектерге ҰБТ сертификаттары Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектерінің оқу нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ сертификаттарының балдарына ауыстыру арқылы беріледі.

Осылайша «НЗМ» ДБҰ түлектерінің оқыту нәтижелерінің сыртқы бағасын айырбастау бөлігінде және «Қазақ тілі» бейіндік пәндерінің бірі ретінде таңдаған қазақ тілін меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар адамдар үшін ҰБТ балдарын түсушінің қалауы бойынша жетілдіру көзделіп отыр.

ОЛИМПИАДА

ТЕК ҚАНА
ҚЫЗДАР...

Грузияның Цхалтубо қаласында «EGMO–2024» Еуропалық математика олимпиадасы басталды. Бұл олимпиаданың басты ерекшелігі – мұнда тек қыздар ғана қатысады. Қазір жарысқа әлемнің 60 елінен 240 есепке жүйрік оқушы қыз қатысып жатыр.



(Сурет: ашық дереккөзден).

Үміткерлер қатарында Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы НЗМ-нің 11-сынып оқушысы Амира Кенбаева, Республикалық физика-математика мектебінің 9-сынып оқушысы Аружан Батырхан, дарынды балаларға арналған №8 лицей-мектептің 11-сынып оқушысы Анастасия Одинцова мен «Haleybury Almaty» мектебінің 11-сынып оқушысы Арай Касенова бар.

Аталмыш олимпиада алғаш рет 2012 жылы Кембридже (Ұлыбритания) өткен еді. Біздің мемлекеттің құрама командасы бұл олимпиадаға тек 2017 жылдан бері қатысып келеді. Осы жылдар ішінде алғырларымыз 3 алтын, 9 күміс, 10 қола және 4 Құрмет грамотасын жеңіп алды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІНЕ
СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Биылдан бастап еліміздегі колледж студенттері үшін алмасу бағдарламасы бойынша Германияда білім алуға мүмкіндік берілмекші.

Ендігі жерде қазақстандық студенттерге Германияның 60 мың өндірістік кәсіпорының кез келгенінде тағылымдамадан өтуге мүмкіндік беретін дуальды білім беру бағдарламасына ерекше назар аударылатын болды.

Қазіргі кезде Тюрингия қаласындағы колледждермен ынтымақтастық мәселесі пысықталып, олардың білім беру моделін

зерделеп, академиялық мобильділігімізді пайдаланғаннан кейін, алмасу бағдарламасына мектеп түлектері, колледж студенттері қатыса алатыны жөнінде ҚР Оқу-ағарту министрлігі техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Әсет Мұханбетов те нақты дәлел айтқан болатын.

Аталмыш бағдарламаға жекеменшік колледждердің студенттері де қатыса алады. Бұған қоса, колледж педагогтары үшін оқыту семинарларын өткізу де жоспарланып отыр.



● КОНЦЕРТ

«ДАРИҒА, ДОМБЫРАМДЫ БЕРШІ МАҒАН!»

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің «Дариға, домбырамды берші маған!» атты концерті болып өтті.

«Отырар сазы» оркестрінің концертін жыл сайын беріп отыру үрдіске айналған. Бұл жолы да ғасырдан-ғасырға жетіп жатқан қайталанбас өнер иесі Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығына арналған кешті тамашалауға келген көрерменнің қарасы қалың болды. Сағынышқа толы кеш Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйімен ашылды.

Жалпы, бұл жолғы кеш өзіндік ерекшелікке толы болды. Кеш барысында Нұрғиса Тілендиев пен оның өмірлік қосағы болған Дариға Тілендікелінінің ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндері ғана орындалды. Концертке ақиық ақынның да ұрпақтары арнайы қатысып отырды. Сондықтан «төндемнің» әсерлі әуені, сырлы сазы кезектесе орындалып, тыңдарманын сырлы әлемге жетелеп, керемет күйге бөледі.

– Бірде біздің үйге Мұқағали Мақатаев



келді. Мұқағали Нұрағанды сырттай жақсы білгенімен, жақын таныс емес екен. Содан екеуі әңгімелесіп отырды да, Нұраған «Дах, домбырамды берші. Мұқағалиға күй орындап берейін», – дегені. Әлі есімде «Аққуды», сосын «Әлқиссаны» тартты. Ертеңіне Мұқағали «Дариға, домбырамды берші маған» деген өлеңін жазып келіпті. Нұраған дереу ән жазды. Жәй ғана әуен емес, классика. Екеуі бір ай бойы талай әнді шығарды. Мұқағали қайтыс боларынан біраз күн бұрын «Есіңе мені алғайсың» деген өлеңін жазып, Нұрағанға тастап кеткен екен. Оған да ән жазды. Нұраған кеткен соң мен үшін сағынышқа толы кезең басталды. Ол кісі 1998 жылы қайтып сапарға аттанса, мен 2000 жылдан бастап өз-өзімнен музыка жазып кеттім. Бұл да бір Алланың құдіреті шығар. Музыка туган сайын жаза бердім. Менің ойымша Нұраған көктем жіберіп жатыр-ау деп ойлаймын, – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Дариға Тілендікеліні.

Иә, ерекше дарын иесі Н.Тілендиевтің біздің арамыздан кеткеніне де біраз уақыт өткен екен. Осынау уақыт ішінде Нұрағанның көзіндей болған «Отырар сазы» өз биігінен бір саты да төмендеген емес. Қайта оның өнері хас таланттың мінезіндей тасып, биіктеп барады. Ізін басқан ұрпағы Дінзұхрасы барда Нұрғиса Тілендиевтің отының өшпесі, өнерінің өлмесі анық.

● МАРАФОН

«Almaty Half Marathon» 2024»

Орталық Азиядағы ең ауқымды спорт шарасы



«Almaty Half Marathon» 2024» – бұл жыл сайынғы 21 км 97,5 м, 10 км қашықтықтағы жүгіру жарысы мен скандинавиялық серуендеудің нағыз мерекесі десе де болады. Жексенбі күні «Almaty Virtus World Half Marathon & 10k race Championships» марафоны Президент саябағында таңғы 7.30-да бастау алды. Жарысқа 8000-ға жуық спортшы мен әуесқой тұрғындар қатысып, қала көшелерімен жүргірілді.

Жарыс көрігін қыздырған Испаниядан келген Magdalena Palacios Ebaу ІІІ санатының жеңімпазы болды. Ол жарысты 33 минут және 15 секундта аяқтады. Екінші орынды иеленген Даниэль Бесси жарысқа қатысу үшін Польшадан арнайы келді. Ол жарысты – 35.25 секундта аяқтады. Сонымен қатар, үшінші орын болгариялық Виктор Караджовке бұйырып, ол мәреге 46:25 уақытта жетті. Сондай-ақ, ІІІ санатында бірінші орынды Дастан Ордабай (47:41), екінші орынды Азамат Әшірбай (51:48), үшінші орынды Мәди Жақып (52:47) жеңіп алды. Жеңімпаздардың үшеуі де біздің жерлестеріміз.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сонымен қатар, ІІІ санатында Еуропа чемпионы Кристиано Перейра (Португалия) қашықтықты 1 сағат 6 минут 46 секундта өтіп, бірінші орынды, екінші орынды Жапониядан

келген Юдай Такаяма (уақыты 1:07:49), үшінші орынды да жапондық Кейя Кобаяшига (уақыты 1:10:40) жеңіп алды.

Бұл күні жарыстың жартылай марафоны бойынша ІІІ санатындағы әйелдер бәсекесі де тартысты өтті. Мәре сәресіне Monika Wąrobek (Польша) 1 сағат 32 минут 7 секунд уақытта, екінші орын алған Anna Bodziony (Польша) 1:40:03 уақытта жетті. Әйелдер арасында бірінші келген Еуропа чемпионатының жүлдегері, Беларусь чемпионы Светлана Куделич болды.

Cristiano Pereira және Yudai Takayama жас санаттары бойынша «Almaty Half Marathon» жеңімпазы атанды.

«Алматы марафоны» – жыл сайын тұрақты өтіп келе жатқан халықаралық жүгіру жарысы. Басты ерекшелігі – Орталық Азиядағы ең ауқымды спорт шарасы. Сонымен қатар, бұл жарысқа қатысушылардан түскен жарнаның бір бөлігі қайырымдылық мақсатына жұмсалатын халықаралық қайырымдылық марафоны қатарына кіреді.

Алғаш рет 2012 жылы «Алматы марафонын» ұйымдастыру комитетінде 3-ақ адам болса, қазіргі таңда команда 20 адамнан тұрады. Осы уақыт ішінде қатысушылардың саны да, іс-шараның ауқымдылығы да өскені байқалады. Қазір «Алматы марафоны» халықаралық жобаға айналды. Барлық жеңімпаздарға естелік медаль табыс етілді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.